

**"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 881 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., № 25, 311-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 2), 3), 4) тармақшалары алып тасталсын; көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4 ж ы л ғ ы 5 т а м ы з д а ғ ы

№ 8 8 1 қ а у л ы с ы н а

қ о с ы м ш а

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 2 м а у с ы м д а ғ ы

№ 6 0 7 қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жүйесіне басшылық етуді, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге

асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Министрліктің облыстарда, Астана және Алматы қалаларында, аудандарда, қалаларда, қалалардағы аудандарда және көліктегі аумақтық органдары, сондай-ақ мынадай ведомстволары бар:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы;
- 2) Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті;
- 3) Әкімшілік полиция комитеті;
- 4) Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті;
- 5) Криминалдық полиция комитеті;
- 6) Тергеу комитеті.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Егер Министрлікке заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Ішкі істер министрінің бұйрығымен, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат саны лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің заңды мекенжайы: 010010, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы, 1.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Министрлікке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға заңнамалық актілермен құқық берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## 2. Министрліктің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Министрліктің миссиясы – адам мен азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау.

15. Міндеттері:

- 1) құқық бұзушылық профилактикасы;
- 2) қоғамдық тәртіпті сақтау;
- 3) қылмысқа қарсы күрес;
- 4) қылмыстық жазаларды және әкімшілік шара қолдануды орындау.

16. Функциялары:

Орталық аппараттың функциялары:

1) құқық бұзушылық профилактикасы, қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмысқа қарсы күрес, қылмыстық жазаларды және әкімшілік шара қолдануды орындау салаларындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізеді;

2) жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

3) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

4) есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды, олардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы іс-қимылды қамтамасыз етеді;

5) азаматтық, халықтың көші-қоны және босқындар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

6) ішкі істер органдары жүйесіндегі бірыңғай мемлекеттік кадрлық саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

7) ішкі істер органдарының және Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының арнайы мақсаттағы бөлімшілеріне басшылықты жүзеге асырады, сондай-ақ олардың ұдайы жауынгерлік және жедел әзірлігін қамтамасыз етеді;

8) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша жалпыреспубликалық және өңірлік жедел-іздістіру және алдын алу іс-шараларын өткізу бойынша ұйымдастырушылық басқаруды жүзеге асырады;

9) криминалдық, әкімшілік полицияның және ішкі істер, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы органдарының, қылмыстық-атқару жүйесінің, әскери-тергеу органдарының, Министрліктің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің өзге де қызметтерінің және көліктегі ішкі істер органдары бөліністерінің қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

10) криминалдық, әкімшілік полицияның және полицияның өзге қызметтерінің,

сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының, әскери-тергеу органдарының, Министрліктің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің, көліктегі ішкі істер органдарының өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды;

11) ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесінің қызметін үйлестіруді және жоспарлауды жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары мен бөлімшелерінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы, әскери-тергеу органдарының қызметін үйлестіру мен ведомстволық бақылауды жүзеге асырады;

13) Қазақстан Республикасының аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше және әскери жағдай енгізілген жағдайда, сондай-ақ төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды өткізу кезінде режимді қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

14) авария, өрт, табиғи апат салдарын жою кезінде және басқа да төтенше оқиғалар кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастырады;

15) ауыр қылмыстар жасаған, жаппай тәртіпсіздіктер, табиғи апаттар мен басқа да төтенше оқиғалар кезінде күштер мен құралдарды жедел басқаруды қамтамасыз етеді;

16) ішкі істер органдарын агрессияны тойтаруға жауынгерлік әзірліктің және бейбіт уақыттағы төтенше жағдайлар кезінде жедел-қызметтік әзірліктің жоғары дәрежесіне ауыстыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

17) республика өңірлеріндегі жедел ақпаратты үздіксіз жинауды және криминогендік ахуалды кешенді талдауды қамтамасыз етеді;

18) арнайы және әскери тасымалдауларды ұйымдастырады;

19) ішкі істер органдарының жұмылдыру даярлығы, бейбіт және соғыс уақытында төтенше жағдайлар туындаған жағдайда олардың жұмысының орнықтылығын арттыру, ішкі істер органдарының арнаулы бөлімшелерінің толық және уақтылы жұмылдыруға ұдайы әзірлігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлейді;

20) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметіне, мемлекеттік органдарға республикадағы қылмысқа қарсы күрестің, қоғамдық тәртіпті сақтаудың жай-күйі туралы ақпарат береді;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қоғамдық тәртіпті сақтауды, құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алуды жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлейді;

22) қылмысқа қарсы күрес, қоғамдық тәртіпті сақтау саласында және ішкі істер органдарының қарамағына жатқызылған өзге де мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын айқындайды, ұйымдастырады және жүзеге асырады;

23) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмысқа қарсы күрес саласында республикалық ақпараттық жүйені құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

24) террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгі паспортын әзірлейді;

25) жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және біліктілігін арттыру бойынша үлгі оқу бағдарламалары мен үлгі оқу жоспарларын әзірлейді;

26) Ішкі істер органдарының азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау жөніндегі бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекітеді;

27) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөліністерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

28) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөліністерінің жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

29) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды есепке алуды жүзеге асыру бойынша Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары бөліністерінің өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы қағидаларды әзірлейді;

30) учаскелік полиция пунктіннің жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторларының, учаскелік полиция инспекторлары мен олардың көмекшілерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі қағиданы әзірлейді;

31) жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жолын кесу жөнінде шаралар әзірлейді;

32) жүргізуші куәліктерінің, көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктің, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері бланкілерінің нысандары мен үлгілерін әзірлейді және бекітеді;

33) көлік құралдары жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктерді аккредиттеу тәртібін, біліктілік комиссиясын қалыптастыру және оның қызметін жүзеге асыру қағидаларын, көлік құралдары жүргізушілерін даярлау бойынша оқытушы, өндірістік оқыту шебері және білім беру процесі кезінде жүргізуге оқыту шебері болуға кандидаттарды аттестаттаудан өткізу тәртібін бекітеді;

34) көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктерді аккредиттеуден өткізеді және олардың тізілімін жүргізеді;

35) мемлекеттік органдардың жол жүрісі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

36) көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі кәсіптік бірлестіктер мен білім беру ұйымдарының тізбесін, олардың есептілік нысандары мен ұсыну мерзімділігін бекітеді;

37) жол жүрісі қағидаларын, көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықтауға және арнайы түстік-графикалық схемалар бойынша бояуға жататын жедел және арнайы қызметтер тізбесін әзірлейді;

38) көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, механикалық көлік құралдары

- жүргізушілерін даярлау, емтихан қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру  
қағидаларын әзірлейді;
- 39) мас күйді куәландыруға жіберу, мас күйді куәландыру және оның нәтижелерін  
ресімдеу қағидаларын әзірлейді;
- 40) механикалық көлік құралдары жүргізушілерін даярлау қағидаларын әзірлейді;
- 41) банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын  
ұйымдарға олардың Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген  
міндеттерін орындауы үшін көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша  
деректерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімі бойынша ұсыну тәртібін  
және беруді айқындайды;
- 42) профилактикалық іс-шаралар өткізу тәртібін әзірлейді және қауіпсіз жол  
қозғалысы мәселері жөнінде халықты құқықтық оқытуды және ақпараттандыруды  
қамтамасыз етеді;
- 43) азаматтарды бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес  
қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға тарту тәртібін, нысандарын  
және түрлерін айқындайды;
- 44) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар үшін куәлік үлгісі мен  
эмблема белгісін бекітеді;
- 45) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен азаматтық және  
қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистикалық талаптарға сәйкес  
келуіне қорытынды беруді жүзеге асырады;
- 46) жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асырады;
- 47) ішкі істер органдарындағы жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асыру  
қағидаларын әзірлейді;
- 48) күдіктілерді, айыпталушыларды, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде  
жазасын өтеп жатқан, ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде ұсталатын,  
профилактикалық есепке қойылған адамдарды криминалистикалық есептерге қою үшін  
, суретке түсіреді, дактилоскопия жасау, дыбыс жазу, кино- және бейнетүсірілім  
жүргізу, биологиялық және одорологиялық басқа да үлгілерді іріктейді;
- 49) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары мамандандырылған күзет  
бөлімшелерінің қызмет өткеруін ұйымдастыру қағидаларын бекітеді;
- 50) Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық  
комитетінің Қазақстан Республикасы үшін халықаралық квоталар бекітуі үшін  
Қазақстан Республикасының есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және  
прекурсорларға қажеттілік нормалары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне  
ұсыныстар береді;
- 51) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз  
айналымы саласында мемлекеттік және өзге ұйымдардың, сондай-ақ нашақорлыққа  
және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі өңірлік консультациялық-кеңесші

органдардың қызметін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асырады;

52) Қазақстан Республикасында бақылауға алуға жататын есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне және заңсыз айналымда табылған шағын, ірі және аса ірі көлемді есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың жиынтық кестесіне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жөнінде ұ с ы н ы с т а р е н г і з е д і ;

53) құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп, Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитетінің Қазақстан Республикасы үшін халықаралық квоталарды бекітуі үшін Қазақстан Республикасының есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен прекурсорларға қажеттілік нормаларын ө з і р л е й д і ;

54) Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен бірлесіп, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың барлық түрлерінің а у қ ы м ы н б о л ж а й д ы ;

55) Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалының жай-күйін және даму үрдісін, өңіраралық, көздерін және есірткілердің заңсыз айналымға түсу арналарын, олардың жолын жабу жөніндегі шаралардың әзірлемесін, тиісті ақпараттық-талдау материалдардың дайындығын талдайды;

56) уәкілетті мемлекеттік органдармен бірлесіп, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымы мен олардың теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл жасау саласында ғылыми зерттеулерді үйлестіреді;

57) жеке басты куәландыратын құжаттардың үлгілерін, оларды ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою тәртібін әзірлейді: Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, б о с қ ы н к у ә л і г і ;

58) босқындардың жол жүру құжатының үлгілерін бекітеді және оны беруді жүзеге а с ы р а д ы ;

59) босқын мәртебесін беру туралы қолдаухатты тіркеу және қарау тәртібін, пана іздеген адам куәлігінің үлгілерін бекітеді;

60) өз құзыреті шегінде босқын деп танылған адамға шыққан елінде тұратын туыстары туралы ақпарат алуға жәрдемдеседі;

61) босқын мәртебесін беру, ұзарту, одан айыру және оны тоқтату рәсімдерін жүзеге асыру жөніндегі комиссия құрады, сондай-ақ оның ережесін әзірлейді және б е к і т е д і ;

62) пана іздеген адамдар мен босқындардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз е т е д і ;

63) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың келуін, болуын және кетуін бақылау

жөніндегі бірыңғай ақпараттық жүйесін әкімшілендіреді;

64) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесіп, шекаралық режим қағидаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

65) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзған адамдарды және өзге де құқық бұзушыларды іздестіруде, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың мән-жайларын анықтауда және тексеруде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жәрдем көрсетеді;

66) шекаралық кеңістіктегі құқық тәртібінің жай-күйі, тұрғылықты жерінен белгісіз мән-жайларда кетіп қалған адамдар, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына қатысты құқыққа қарсы пиғылдары бар қылмыстық топтар мен адамдар туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін х а б а р д а р е т е д і ;

67) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың, оның ішінде босқындардың жергілікті жердің жекелеген учаскелеріне немесе шекаралық кеңістікте орналасқан объектілерге баруын уақытша шектейді немесе баруына тыйым салады;

68) ішкі істер органдарының қызметкерлерін аттестAUDAN өткізеді;

69) компьютерлік тестілеуден өту қағидаларын және кәсіби қызметтік даярлық деңгейін, құқықтық мәдениетін және ішкі істер органдары қызметкерлерінің азаматтармен жұмыс істей білу қабілеттерін анықтау үшін оқу жылының қорытындысы бойынша дене шынықтыру және атыс даярлығы бойынша нормативтерді әзірлейді;

70) табельдік қаруды алу және тапсыру кезінде, сондай-ақ қызметін атқару барысында қаруды және оқ-дәріні қолдану кезінде қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді ;

71) ішкі істер органдары қызметкерлерінің және әскери қызметшілерінің сыныптық біліктілігін беру, жоғарылату, растау, төмендету және айыру қағидаларын әзірлейді;

72) ішкі істер органдарының жүйесі үшін кадрлар даярлауды және оқытуды ұйымдастырады, кадрларға қажеттілікті және Министрліктің білім беру ұйымдарының түлектерін ішкі істер органдары бөлімшілеріне бөлу тәртібін айқындайды;

73) құрылымдар мен штаттарды, оның ішінде үлгі, штаттық нормативтерді, ішкі істер органдарының қызметкерлері мен жұмыскерлерінің жүктеме нормативтерін әзірлейді және бекітеді ;

74) лауазымдар номенклатурасын, ішкі істер органдарындағы лауазымдар санаттарына қойылатын біліктілік талаптарын, конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесін, қызметке кірер алдындағы конкурс пен тағылымдама өткізудің шарттары мен тәртібін әзірлейді және бекітеді;

75) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру туралы қағиданы әзірлейді;



- 76) ішкі істер органдарында мемлекеттік құпияларды қорғауды, құпиялық режимінің сақталуын ведомстволық бақылауды қамтамасыз етеді;
- 77) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтерге және ішкі істер органдары жүйесінде құпияландыруға жататын мәліметтерге билік етеді, сондай-ақ таратылуы шектелген қызметтік мәліметтердің тізбесін жариялау туралы бекітеді;
- 78) ішкі істер органдарында іс қағаздарының бірыңғай мемлекеттік жүйесінің қолданылуын қамтамасыз етеді;
- 79) ішкі істер органдарының қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;
- 80) орталық аппараттың, ішкі істер органдары мен бөлімшелерінің, Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың ішкі мемлекеттік қаржы бақылауын жүзеге асырады;
- 81) ішкі істер органдарының жүйесін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 82) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттар әзірлейді және бекітеді;
- 83) Министрліктің соттағы, өзге де мемлекеттік органдардағы мүдделерін қорғауды және осы жұмысты жергілікті жерлерде үйлестіруді қамтамасыз етеді;
- 84) азаматтарды қабылдауды, азаматтардың, лауазымды адамдардың жазбаша арыздарын, өтініштерін және ұсыныстарын уақтылы және толық қарауды, олар бойынша шешімдер қабылдауды жүзеге асырады;
- 85) бағынысты органдар мен ішкі істер бөлімшелерінің қызметіне бақылауды жүзеге асырады;
- 86) Министрлік жүйесінің өзіндік қауіпсіздігін, ішкі істер органдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, сондай-ақ олардың қызметінде заңдылықты сақтауды қамтамасыз етеді;
- 87) барлық деңгейдегі басшылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау бойынша жұмыстың жай-күйі және қарамағандылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтар жасағаны үшін дербес жауапкершілігін қамтамасыз етеді;
- 88) Министрліктің арнайы мемлекеттік мұрағатына құжаттар қабылдауды, оларды сақтауды, есепке алуды және пайдалануды жүзеге асырады;
- 89) ведомстволық және жедел есептерді құрады, пайдаланады және жетілдіреді;
- 90) ақпараттық және ақпараттық-талдау жүйелерін құрады, пайдаланады және жетілдіреді;
- 91) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бөлімшелерін, арнаулы, құқық қорғау және мемлекеттік органдарын, сондай-ақ жасасқан келісімдер шеңберінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерді ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 92) дербес деректерді өңдеу кезінде заңнама және ақпараттық қауіпсіздік

талаптарын сақтай отырып, Министрліктің ақпараттық ресурстарына ішкі істер органдары бөлімшелеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

93) ведомстволық статистикалық, мұрағаттық және өзге де ақпаратты жинауды, жинақтауды, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұсынуды жүзеге асырады ;

94) Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорын қалыптастыруға қатысады;

95) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді ;

96) заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ведомстволардың функциялары :

1) құқық бұзушылық пен қылмыстардың алдын алу жөніндегі профилактикалық қызметті жүзеге асырады ;

2) заңнамаға сәйкес лицензиялар мен арнайы рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

3) ішкі істер органдарының құзыретіне жататын мәселелер бойынша лицензиялау және рұқсаттар беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады ;

4) лицензиаттардың қызметіне, оның ішінде олардың қойылатын біліктілік талаптарға сай келуіне бақылау жасауды жүзеге асырады ;

5) күзет қызметімен, күзет дабылы құралдарын монтаждаумен, ретке келтірумен және оларға техникалық қызмет көрсетумен айналысатын субъектілерді және жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандырылған оқу орталықтарының қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады ;

6) мемлекеттік күзетуге жататын жеке тұлғалар мен объектілерді күзетуді жүзеге асырады ;

7) мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерде өткізу режимін қамтамасыз ету кезінде адамдарды, олардың заттарын, көлік құралдарын тексеріп қарауды жүзеге асырады ;

8) күзет қызметі субъектілерінен олардың «Күзет қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы Заңында көзделген талаптарды орындауы туралы ақпарат сұратады ;

9) ішкі істер органдарында есепте тұрған тұлғалардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асырады ;

10) қамаудағылар мен сотталғандарды айдауылдау мен күзетуді бақылауды жүзеге асырады ;

11) қорғалуы халықаралық шарттарға сәйкес мемлекетке жүктелген объектілердің күзетілуін қамтамасыз етеді ;

12) режимдік және ерекше күзетілетін объектілердің күзетілуін қамтамасыз етуді ұйымдастырады ;

13) азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының, азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолдану арқылы жасалған бұйымдардың айналымы саласындағы жұмыспен қамтылған жеке және заңды тұлғалардың қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

14) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен: жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға; заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын комиссиялық сатуға жолдамалар;

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарының бірлі-жарым данасын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге;

заңды тұлғаларға: азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарының криминалистикалық талаптарға сәйкес келуіне;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге арналған қорытындылар;

жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға; заңды тұлғаларға:

жарылғыш материалдар сатып алуға, сақтауға; азаматтық пиротехникалық заттар мен оларды қолдана отырып жасалған бұйымдарды сақтауға;

азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сатып алуға, сақтауға, сақтау және алып жүруге, тасымалдауға;

атыс тирлері (атыс орындары) мен стендтерін ашуға және олардың жұмыс істеуіне рұқсаттар беруді;

есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеуге рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

15) әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі профилактикалық іс-қимыл қызметті жүзеге асырады;

16) қоғамдық тәртіпті сақтауға және құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасады;

17) белгіленген тәртіппен көлік құралдарына ілесіп жүруді жүзеге асырады;

18) жүргізушілер куәліктерін беруді, сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді және оларды есепке алуды, көлік құралдарын

сенімхат бойынша пайдаланатын адамдарды тіркеуді жүзеге асырады;

19) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында ғылыми зерттеулер мен ғылыми-техникалық әзірлемелер ұйымдастыруға қатысады;

20) автомобиль жолдарын, жол құрылыстарын, теміржол өтпелерін, қалалық электрлік көлік желілерін, тұрғын үй кешендерін және жекелеген ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ жаңа көлік құралдары үлгілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі жұмыс және мемлекеттік комиссияларға қатысады;

21) жол қозғалысын реттеуді қамтамасыз етеді;

22) мүгедектерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында олардың қажеттіліктерін ескере отырып, жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және оларды басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде келіседі;

23) жол қозғалысы қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады және оны орындау үшін міндетті түрде нұсқамалар береді;

24) көлік құралдарының жүргізушілерін даярлау жөніндегі білім беру ұйымдарының тізілімін жүргізеді;

25) оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің және көлік құралдары жүргізушілерін даярлау бойынша білім беру процесі уақытында көлік жүргізуге оқыту шеберлерінің тізілімін жүргізеді;

26) аумақтық-көліктік жоспарлау және жол қозғалысын ұйымдастыру бойынша құжаттаманы белгіленген тәртіппен келіседі;

27) жол қозғалысы және оны қамтамасыз ету саласында мемлекеттік ақпараттық жүйелер құрады және пайдаланады;

28) халықты құқықтық тәрбиелеу жөніндегі шараларды іске асырады, құқықтық тәртіппен ішкі істер органдары қызметінің жай-күйі туралы қоғамдық пікірді зерделейді;

29) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар, қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартатын не балаларға қатысты басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасайтын адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын, не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдерін, педагогтарды, тәрбиешілерді, оқытуды, тәрбиелеуді және кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге де мекеменің басқа да қызметкерлерін анықтайды және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолданады;

30) кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстар туралы өтініштер мен хабарламаларды белгіленген тәртіппен қарайды және оларға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныстар енгізеді, олардың орындалуын

бақылауды қамтамасыз етеді;

31) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік мекемелерге жіберуге немесе кәмелетке толмағандарды қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа алуды ресімдеуге жәрдемдеседі;

32) арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарға қатысты материалдарды дайындауға қатысады;

33) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуы, құқық бұзушылықтары туралы және қоғамға жат іс-әрекеттері, оған итермелейтін себептер мен жағдайлар туралы мүдделі органдар мен мекемелерді хабардар етеді;

34) кәмелетке толмағандарды, олардың ата-аналарын және басқа заңды өкілдерін құқықтық тәрбиелеуде білім беру органдарына жәрдемдеседі;

35) қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерін қорғауды, олардағы жедел жағдайды бақылауды, қызметшілердің, күдіктілердің, сезіктілердің және сотталғандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, оларды айдап жүруді жүзеге асырады;

36) Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарындағы құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы туралы арыздарын қарауды, оларды есепке алу мен тіркеуді жүзеге асырады;

37) денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару органдарына нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмекті ұйымдастыруға жәрдем көрсетеді және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдікті қамтамасыз етеді;

38) қызметі есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымы мен олардың теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл жасау саласындағы жұмысқа байланысты мамандарды, сондай-ақ есірткі құралдары мен психотроптық заттарды тұтынатын адамдарды профилактикалауды, емдеуді, әлеуметтік оңалтуды ұйымдастыру саласындағы мамандарды оқытуды және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және үйлестіреді;

39) сот шешімімен тағайындалған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларынан жалтарып жүрген адамдарды іздеуді жүзеге асырады, оларды ұстауға және арнаулы медициналық мекемелерге жеткізеді;

40) уәкілетті органдармен бірлесіп, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымына әрі теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты және стратегияны іске асырады;

41) өз құзыреті шегінде қылмыстарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және ашуды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

42) жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырады;

- 43) ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстар бойынша алдын ала тергеу мен анықтауды жүзеге асырады;
- 44) заңнамада белгіленген тәртіппен қылмыс жасаған адамдарды ұстау бойынша жедел-іздігі және қорғамалы іс-шаралар, операциялар жүргізеді, сондай-ақ оларды өзге де құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарының жүргізуіне және жүзеге асыруына жәрдем көрсетеді;
- 45) қылмыстарды ашу және қылмыскерлер мен олардың байланыстарын айқындау үшін ақпараттық-талдау жүйесін пайдаланады;
- 46) борышкерлерді қылмыс жасаған, анықтау, тергеу немесе сот органдарынан жасырынып жүрген, қылмыстық жазаларын өтеуден, әскери қызметке шақырудан жалтарып жүрген, хабар-ошарсыз жоғалған адамдарды және өзге де адамдарды іздестіруді, танылмаған мәйіттерді сәйкестендіруді жүзеге асырады;
- 47) арнаулы құқық қорғау және мемлекеттік органдарымен бірлесіп, терроризм актілерінің жолын кесу, кепілдегі адамдарды босату және жарғыш құрылғыларды залалсыздандыру бойынша терроризмге қарсы және арнайы операцияларға қатысады;
- 48) қылмыс жасағаны немесе күдіктілігі бойынша ұсталғандар мен тұтқындалғандарды, белгілі тұрғылықты жері мен құжаттары жоқ адамдарды ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде ұстауды, күдіктілер мен айыптыларды айдауылдауды, қылмыстық (әкімшілік) процесті жүргізуші органдардың оларға қатысты қаулыларының, ұйғарымдарының және үкімдерінің атқарылуын ұйымдастырады;
- 49) шет мемлекеттермен экстрадицияланғандарды және сотталғандарды қабылдау-тапсыруды ұйымдастырады;
- 50) нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күресудің халықаралық тәжірибесін талдайды мен қорытындылайды, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымын, осы саладағы заңнаманың қолданылуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 51) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдалануына қарсы іс-қимыл жасау шараларын бақылауды жүзеге асырады;
- 52) іс жүзіндегілермен салыстырғанда аса тиімді, қауіпсіздігі төмен, есірткілік әсері әлсіз есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеу және енгізу процесін бақылайды;
- 53) жаппай тәртіпсіздіктердің, оның ішінде түзеу мекемелерінде жолын кесуге қатысады;
- 54) өз құзыретінің шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;
- 55) ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде режимдік талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

56) он сегіз жасқа толмаған және қылмыс жасаған адамдарды, егер оларды оқшаулау қажет болса, арнаулы мекемелерде ұстайды. Қылмыстық жауаптылық туындайтын жасқа толмаған және қылмыс жасаған, сондай-ақ ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін ата-аналарына, оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген қорғаншыларына, қамқоршыларына және өзге де адамдарға беріледі;

57) сотталғандарға қатысты сот үкімдерін, қаулыларын және ұйғарымдарын о р ы н д а й д ы ;

58) соттардың үкімдеріне, қаулыларына және ұйғарымдарына сәйкес қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталғандардың орналасуын ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

59) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес заңнамада белгіленген тәртіппен шетел мемлекеттерінің құзыретті органдарының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі сауалдарын орындайды;

60) жедел-іздігіру іс-шараларын өткізуге құқығы бар ішкі істер органдарының бөлімшелері мен қызметкерлерін бақылауды жүзеге асырады;

61) жедел-іздігіру іс-шаралары мен арнайы операциялардың өткізілуін бақылауды ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

62) әскери-тергеу органдарының қызметін бақылауды жүзеге асырады;

63) әскери қылмыс жасаған адамдарды іздігіруді ұйымдастырады және жүзеге а с ы р а д ы ;

64) әскери қылмыстар жөніндегі жедел-іздігіру қызметін ұйымдастырады және жүзеге асырады және әскери қызметшілер жасаған ішкі істер органдарының тергеу реттілігіне жататын қылмыстарды тергейді;

65) қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғауды жүзеге а с ы р а д ы ;

66) заңнамамен бекітілген жағдайларда кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін олардың ата-аналарын немесе заңды өкілдерін анықтайды, есепке алуын жүргізеді және оларға қатысты жеке профилактика шараларын жүргізеді;

67) кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі және ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған қадағалаусыз балалар мен жасөспірімдерді кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына жеткізеді;

68) азаматтар мен лауазымды адамдар, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар үшін белгіленген Қазақстан Республикасының аумағына келу, кету, болу және ол арқылы транзиттік өту ережелерін олардың сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

69) қылмыстық істер бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында сот актілерін, судья талаптарын, прокурордың қаулыларын, ұйғарымдарын және талаптарын, тергеушінің, анықтаушының жазбаша тапсырмаларын орындайды;

70) сотталғандарға түзету ықпалын, оның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдана отырып жүзеге асыруды ұйымдастырады;

71) сотталғандарды жұмыспен қамтуды ұйымдастырады;

72) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдардың санитариялық-эпидемиологиялық ахуалы мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді;

73) күдіктілер мен айыпталушыларды қарап-ұстауды жүзеге асырады;

74) сотталғандардың жалпы білім алуы мен кәсіби оқуын ұйымдастырады;

75) қоғамдық және діни бірлестіктерді қылмыстық-атқару жүйесінің қызметіне т а р т а д ы ;

76) сотталғандарды босатуға дайындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды, рақымшылық және кешірім жасау актілерін орындауды, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының басқа да құқық қорғау органдарымен, мемлекеттік басқару органдарымен және сотталғандарды түзеудің нәтижелерін бекіту жөніндегі қоғамдық бірлестіктермен оларды еңбекке және тұрмыста орналастыру жөніндегі өзара і с - қ и м ы л д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

77) құрамында есірткі бар өсімдіктерді анықтау және жою, сондай-ақ есірткі құралдарын заңсыз тасымалдау арналарын жабу жөніндегі іс-шараларды өткізеді;

78) Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын жасақталуын жоспарлайды және ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

79) төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету және төтенше оқиғалардың салдарын жою үшін, сондай-ақ заңсыз қарулы құралымдарға қарсы күрес, қақтығыс аудандарын оқшаулау және тосқауыл қою, аса қауіпті құқық бұзушылықтардың, диверсиялардың, террористік актілердің, қарулы қақтығыстардың жолын кесу, тайталасушы тараптарды ажырату, заңсыз қарулы құралымдарды қарусыздандыру және жою, жанжал ауданында халықтан қаруды алып қою, жанжал ауданына іргелес аудандарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды күшейту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланын т а р т у т у р а л ы ш е ш і м д е р д і о р ы н д а й д ы ;

80) Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы кадрларын іріктеу, бөлу, оларды республика аумағында орналасқан жоғары оқу орындарында, сондай-ақ шартты негізде басқа мемлекеттердің әскери оқу орындарында оқыту жөніндегі жұмыстарды жүзеге а с ы р а д ы ;

81) медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады және өңірлік қолбасшылықтарды құрылымдардың, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының әскери бөлімдерін және әскери-оқу орындарының орналасқан жерлеріндегі санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қадағалауды жүзеге асырады;



82) карантиндік, санитариялық-эпидемияға қарсы және табиғатты қорғау іс-шараларына қатысады;

83) ведомстволық жедел есепке алуды қалыптастыруды, жүргізуді жүзеге асырады;

84) қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

85) Қазақстан Республикасының заңдарында, Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде орындалуы міндетті нормативтік құқықтық актілерді шығаруға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдар сұратуға және алуға;

3) қолданыстағы заңнамалық актілерде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға құқығы бар.

### 3. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

18. Министрлікке басшылықты Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Ішкі істер министрі жүзеге асырады.

19. Ішкі істер министрін Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

20. Ішкі істер министрінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

21. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің өкілеттіктері:

1) ішкі істер органдарының бірыңғай жүйесіне басшылықты жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат санының лимиті шегінде ішкі істер органдарының құрылымы мен штат санын белгілейді;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ішкі істер органдарының штат санының лимитін өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді;

